

2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 179 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 12 маусымда № 6015-05 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағының 5-14) тармақшасына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы экология

және табиғи ресурстар министрлігі

М. Султангазиев

Алматы облысы әкімдігінің 2023
жылғы 8 маусымдағы № 179 қаулысын
а қосымша

2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, (мың теңге)
1	2	3	4	5
1.	Балық азықтарына тиесілі субсидиялар			
1.1	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары	168000 тонна	105	17640,0
1.2	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	72000 тонна	270	19440,0
1.3	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары	45000 тонна	285	12825,0
1.4	Жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары	36000 тонна	210	7560,0
2.	Тұқы, албырт тұқымдас балықтар және олардың будандары үшін балық отырғызу материалын сатып алуға субсидиялар (БӨМ)			
2.1	Тұқы тұқымдас шабағы 30 граммға дейін 1 (бір) дана	326600 дана	15	4899,0
2.2	Албырт тұқымдас ұрықтанған 1 (бір) дана уылдырық	1800000 дана	5	9000,0
2.3	Албырт тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	302080 дана	25	7552,0
2.4	Бекіре тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	28986 дана	250	7246,8
3.	Б а л ы қ өсіру-биологиялық негіздемені сатып алу шығыстарын субсидиялау (БӨБН)	2 дана	500000	1000,0
4	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірін сатып алу және оларды күтіп-ұстау (ББТАБҮ)			
4.1	Стерлед ұрғашысы	5000 дана	7365,5	36827,5
4.2	Орыс бекіресінің ұрғашысы	800 дана	30000	24000,0
4.3	Белуга ұрғашысы	67 дана		2010,0
Барлығы				150000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК